

"Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметті ұйымдастыру ережесін және "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының қатысушылары ретінде заңды тұлғаларды тіркеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2006 жылғы 24 ақпандағы N 68 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 20 наурызда тіркелді. Тіркеу N 412. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің м.а. 2010 жылғы 9 тамыздағы № 209 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің м.а. 2010.08.09 № 209 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" 2003 жылғы 18 тамыздағы N 1166 жарлығына және "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1377 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметті ұйымдастыру ережесі және "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының қатысушылары ретінде заңды тұлғаларды тіркеу ережесі бекітілсін.

2. Аппарат-Әкімшілік-құқықтық жұмыстар департаменті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Индустрия және сауда вице-министрі Қ.У.Бишімбаевқа жүктелсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Индустрия және сауда министрінің
2005 жылғы 24 ақпандағы
N 68 бұйрығымен бекітілген

"Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметті ұйымдастыру ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметті ұйымдастыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 шілдедегі заңына (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" 2003 жылғы 18 тамыздағы N 1166 Жарлығымен бекітілген "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағы туралы" Ережеге, "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1377 қаулысына, "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағы дирекциясы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1382 қаулысына сәйкес әзірленген және "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының (бұдан әрі - АТП АЭА) аумағында қызметті ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

2. Заңның 1-бабына сәйкес арнайы экономикалық аймақ - қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасалатын дәл белгіленген шекаралары бар Қазақстан Республикасының шектеулі аумағы болып табылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

3. А Т П А Э А :

ақпараттық технологиялар саласын дамыту;

Қазақстан Республикасы экономикасының әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне енуін белсендіру;

тиімділігі жоғары, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың жоғары технологиялық өндірісін құру, ақпараттық технологиялық өнімдерінің жаңа түрлерін шығаруды игеру, инвестициялар тарту мақсатында құрылады.

4. АТП АЭА-ның негізгі міндеттері:

- 1) Қазақстанға жаңа технологияларды, капитал, ноу-хау және трансұлттық компанияларды тарту;
- 2) Қазақстанда ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласының жаңа кәсіпорындарының дамуына және өсуіне ынталандыру;
- 3) осы секторларға ақпараттық және коммуникациялық технологияларды енгізу арқылы Қазақстан экономикасында қызмет көрсету секторларын дамытуды ынталандыру;
- 4) өңірлік және халықаралық рыноктарда ақпараттық және коммуникациялық технологиялар салаларының ерекше орнын анықтау және дамыту;
- 5) технологиялар трансфертіне, сондай-ақ компаниялар, университеттер, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар орталықтары, ғылыми-зерттеу ұйымдары және инновациялық процеске мүдделі өзге де тұлғалар арасында өзара әрекеттің дамуына ықпал ету.

5. АТП АЭА-ның аумағындағы қызмет Конституцияға, Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Ережеге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

6. Осы Ережеде мынадай түсініктер пайдаланылады:

- 1) АТП АЭА - "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағы;
- 2) Өтініш беруші - АТП АЭА қатысушысының мәртебесін алуға үміткер заңды немесе жеке тұлға;
- 3) Сараптамалық кеңес - жобаларды АТП АЭА аумағында жүзеге асыру орындылығы туралы қорытынды беру үшін Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі жанынан құрылатын консультативтік-кеңесші орган;
- 4) АТП АЭА қатысушы - АТП АЭА аумағында тіркелген заңды тұлға.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

2. АТП АЭА-ны басқару

7. АТП АЭА-ны басқаруды Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі түріндегі орталық атқарушы орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады. Уәкілетті органның қызметі Ережеге сәйкес анықталады.
P031377

8. "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының дирекциясы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Дирекция) АТП АЭА-ны басқару жөніндегі орталық атқарушы органның шешімдерін іске асыру бойынша

функцияларды жүзеге асыратын орган болып табылады. Дирекция қызметі уәкілетті орган бекіткен Жарғыға сәйкес айқындалған. P031382

9. АТП АЭА-ның қызмет ету кезеңінде АТП АЭА аумағында іс-әрекетті жүзеге асырушы мекемелердің салықтық әкімшілік етуі бойынша функциялар берілген орган Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің "Ақпараттық технологиялар паркі" Салық комитеті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - АТП Салық комитеті) болып табылады. АТП Салық комитетінің іс-әрекеті "АТП" арнайы экономикалық аймағының аумағында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің "АТП" салық комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінің Төрағасы бекіткен ережеге сәйкес айқындалған. P040572

10. АТП АЭА-ның қызмет ету кезеңінде АТП АЭА аумағында қызметті жүзеге асырушы мекемелердің кедендік әкімшілік етуі бойынша функциялар берілген орган Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша Кедендік бақылау департаменті АТП АЭА Кеден бекеті болып табылады.

11. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

12. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

3. АТП АЭА аумағындағы қызмет түрлері

13. АТП АЭА аумағында мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыруға жол беріледі:

1) негізгі қызметтің түрлері - Ережеге сәйкес АТП АЭА-ның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін, жеңілдетілген салық салуға жататын қызмет түрлері;

2) қосымша қызметтің түрлері - АТП АЭА-ның қатысушылары үшін қосымша жағдай жасаумен байланысты, жеңілдетілген салық салуға жатпайтын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін кез-келген қызмет түрлері.

4. Өтініштерді қабылдау

14. Өтініш беруші Дирекцияға Сараптамалық кеңеске одан әрі сараптама жүргізу үшін өтініш береді.

Өтініш мыналарды қамтиды:

1) өтініш;

2) өтініш берушінің сауалнамасы;

3) б и з н е с - ж о с п а р ;

4) егер жобада АТП АЭА-ның инфрақұрылымы объектілерінің құрылысы қарастырылса, техникалық-экономикалық негіздеме.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

15. Сараптамалық кеңес туралы ереже мен Сараптамалық кеңестің құрамын уәкілетті орган бекітеді. P070892

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

16. Өтініш беруші дербес және өз қаржысына өтінішке тәуелсіз сараптама тағайындауға құқысы бар.

17. Сараптамалық кеңес жобаны АТП АЭА аумағында жүзеге асыру үшін жіберудің орындылығы туралы қорытынды шығарады және оны қабылданған сәттен бастап үш күндік мерзімде Дирекцияға жібереді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

18. АТП АЭА аумағында жүзеге асыру орындылығы туралы қорытындыны Дирекцияның Сараптамалық кеңесі орналасқан мекен-жайын нақтылау туралы анықтама беру үшін үш жұмыс күні ішінде жібереді.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

19. Бас тартқан жағдайда Өтініш берушіге берілген өтінішті қарауды аяқтағаннан сәттен бастап үш күндік мерзімде дәлелденген бас тарту жіберіледі.

20. Сараптамалық кеңестің қорытындысы өтініш берілген қызмет түрлеріне ғана таратылады. АТП АЭА-ның аумағында АТП АЭА қатысушысының қызмет түрлерінің тізіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу өтінішті қайта рәсімдеуге а л ы п к е л е д і .

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

5. АТП АЭА қатысушылары ретінде заңды тұлғаларды тіркеу тәртібі

21. АТП АЭА-ның аумағында қызметті жүзеге асыру үшін Өтініш беруші кейіннен АТП АЭА-ның қатысушы ретінде тіркелетін заңды тұлға құруы қажет.

22. АТП АЭА қатысушы ретінде тіркелуге арыздарды АТП АЭА-ның Дирекциясы 5 жұмыс күні ішінде қарастырады.

23. Заңды тұлғаларды АТП АЭА-ның қатысушы ретінде тіркеу Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі бекіткен АТП АЭА қатысушы ретінде заңды тұлғаларды тіркеу ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

6. АТП АЭА аумағында құрылысты жүзеге асыру үшін АТП АЭА аумағында жер пайдалану құқығын беру тәртібі

24. Егер Сараптамалық кеңестің оң қорытындысын алған өтініште АТП АЭА осы заманғы инфрақұрылымын қалыптастыру бойынша бизнес-жоспарлар, жобалық-сметалық құжаттама, құрылыс-монтаждық жұмыстардан тұратын қызмет түрлері қарастырылған жағдайда, Дирекция Өтініш берушіні АТП АЭА қатысушы ретінде тіркеуді аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жер алқаптарын жалға береді.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

25. Инфрақұрылым объектілерін салу Жоспарлау жобасына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.

7. АТП АЭА аумағында қызметті ұйымдастыру

26. АЭА аумағында кедендік, салықтық реттеу, шетелдік жұмыс күшін тарту тәртібі, АТП аумағында бақылау және есеп беру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес және тәртіппен жүзеге асырылады.

8. АТП АЭА аумағында мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл

27. АТП АЭА аумағында қызметті жүзеге асырушы ұйымдар ретінде бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін заңды тұлғалар танылады:

- 1) АТП АЭА аумағындағы салық органдарында тіркеу есебінде тұрған;
- 2) АТП АЭА аумағынан тыс жерде құрылымдық бөлімшелері жоқ;
- 3) АТП АЭА аумағында АТП АЭА құру мақсаттарына сәйкес келетін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыру нәтижесінде алынуға тиісті (алынған) табыстар құрайтын жылдық табыстың 90 пайыздан кем емес болуы.

Алынған (алынуға жататын) табыстарды қызмет түрлерінен түсетін табыстарға жатқызу Дирекцияның уәкілетті орган бекіткен тәртіпте және нысанда берілген Дирекцияның растауы негізінде жүзеге асырылады.

28. АТП АЭА аумағында қызметті жүзеге асырушы ұйымдарға сондай-ақ, АТП АЭА инфрақұрылымының объектілерін салу үшін АТП АЭА аумағына ақылы негізде тартылған заңды тұлғалар жатады.

9. АТП АЭА қатысушының қызметін тоқтату

29. АТП АЭА қатысушының қызметін тоқтату:

- 1) АТП АЭА қатысушының бастамашылығы бойынша;
- 2) Дирекцияның шешімі бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзған жағдайда;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де жағдайларда жүргізіледі.

Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда министрінің
2005 жылғы 24 ақпандағы
N 68 бұйрығымен бекітілген

"Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының қатысушылары ретінде заңды тұлғаларды тіркеу ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының қатысушылары ретінде заңды тұлғаларды тіркеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 шілдедегі Заңына (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" 2003 жылғы 18 тамыздағы N 1166 Жарлығына (бұдан әрі - Жарлық) сәйкес әзірленген және "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының қатысушы ретінде заңды тұлғаларды тіркеудің тәртібін, сондай-ақ "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құрудың мақсаттарына сәйкес келетін қызметтің есебін жүргізуді және бақылауды айқындайды.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

2. Осы Ережеде мынадай түсініктер пайдаланылады:

- 1) АТП АЭА - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағы;
- 2) Дирекция - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының дирекциясы " мемлекеттік мекемесі, орталық атқарушы орган шешімдерінің іске асырылуын жүзеге асыратын орган;

Р 031382

3) алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

4) Өтініш беруші - АТП АЭА қатысушысының мәртебесін алуға үміткер заңды тұлға ;

5) Журнал - АТП АЭА қатысушысының мәртебесін алуға үміткер заңды тұлғаларды тіркеу журналы ;

6) Сараптамалық кеңес - жобаларды АТП АЭА аумағында жүзеге асыру орындылығы туралы қорытынды беру үшін Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі жанынан құрылатын консультативтік-кеңесші орган;
Р 0 7 0 8 9 2

7) АТП АЭА-ның қатысушысы - АТП АЭА аумағында тіркелген заңды тұлға;

8) Тұрақты тіркеу - заңды тұлғаға тіркеу нөмірін беріп және ол туралы мәліметтерді АТП АЭА-ның бірыңғай тізіліміне енгізе отырып, АТП АЭА құрылуының барлық кезеңіне тұрақты тіркеу туралы куәлікті беру;

9) Уақытша тіркеу - заңды тұлғаға тіркеу нөмірін беріп және АТП АЭА бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізе отырып, АТП АЭА инфрақұрылымының объектілерін салуға келісім-шарттың қолданылу кезеңіне уақытша тіркеу туралы куәлікті беру ;

10) Уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі .

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

2. АТП АЭА қатысушыларын тіркеудің мақсаттары

3. АТП АЭА құру мақсаттарына сәйкес Дирекция АТП АЭА қатысушылары ретінде заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асырады. АТП АЭА қатысушыларын тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес АТП АЭА құру мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті қызмет түрлері бойынша салықтық және кедендік жеңілдіктер алу үшін жүзеге асырылады. АТП АЭА құру мақсатына қол жеткізу үшін қызмет түрлері Жарлықпен бекітілген "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағы туралы Ережеде көрсетілген.

3. Тіркеуге жататын заңды тұлғалар

4. АТП АЭА-ның тұрақты тіркеуін АТП АЭА аумағында қызметті жүзеге асыруға үміткер, сондай-ақ бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің " Ақпараттық технологиялар паркі" Салық комитетінде тіркеу есебінде тұратын;

2) АТП АЭА аумағынан тысқары жерлерде құрылымдық бөлімшелері жоқ;
3) жиынтық жылдық кірістің кемінде 90 пайызын АТП АЭА құру мақсаттарына сәйкес келетін өз өндірісі тауарларын (жұмыстар, қызметтер) өткізуден алынуға жататын (алынған) кірістер құрайтын заңды тұлғалар жатады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

5. Осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес келмейтін заңды тұлғалар тұрақты тіркеуге жатпайды.

6. АТП АЭА уақытша тіркеуге АТП АЭА инфрақұрылымының объектілерін салу үшін АТП АЭА аумағына шарт негізінде тартылатын заңды тұлғалар жатады.

4. Тіркеуге өтініштерді қабылдау және қарау мерзімі

7. Сараптамалық кеңестің оң қорытындысы негізінде Дирекция заңды тұлғаға Алматы қаласының Әділет департаментіне беру үшін орналасқан жерін растайтын анықтаманы (N 4-қосымша) береді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

8. Заңды тұлғалар заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) Заңды тұлғаның орналасқан жерін көрсете отырып АТП АЭА мекен-жайы бойынша қатысты құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізуді;

2) АТП Салық комитетінде есепке қоюды;

3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті Алматы қаласы бойынша Кедендік бақылау департаментінің ақпараттық технологиялар бөлімінде сыртқы экономикалық қызметке (СЭҚ) қатысушының карточкасын тіркеуді және алуды жүзеге асырады. Қараңыз.К100296

9. Өтініш беруші Дирекцияға тұрақты/уақытша тіркеуге өтініш береді.

10. Өтініштерді тіркеу журналына жазбаны енгізген күн өтінішті тіркеу мерзімі болып табылады.

11. Дирекция өтінішті алған сәттен бастап 5 күн ішінде сол заңды тұлғаға АТП АЭА қатысушы ретінде тіркеуге келісім беру немесе бас тарту туралы хабарлама жібереді.

5. Өтініш мазмұны

12. АТП АЭА қатысушысының мәртебесін алуға құжаттар пакеті мыналарды қ а м т у ы т и і с :

1) ұйымның бланкасында өтініш хаты нысанындағы АТП АЭА қатысушы ретінде тіркеуге (тұрақты/уақытша) өтініш (N 1/ 2-қосымша);

- 2) АТП АЭА қатысушының сауалнамасы (N 3-қосымша);
- 3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік (нотариалды куәландырылған) ;
- 4) статистикалық карточка (нотариалды куәландырылған);
- 5) салық комитетінде есепке қою туралы куәлік;
- 6) заңды тұлғаның жарғысы (нотариалды куәландырылған);
- 7) АТП АЭА-ға қатысу туралы акционерлердің немесе заңды тұлғаның қатысушыларының шешімі (нотариалды куәландырылған);
- 8) бірінші басшы немесе оны ауыстыратын тұлға, сондай-ақ бас бухгалтер (бухгалтер) қол қойған соңғы қаржы жылы үшін бухгалтерлік баланстың түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 9) бірінші басшының және бас бухгалтердің жеке куәлігінің көшірмелері, СТН, ЖСН (егер бар жағдайда), тұрғылықты мекен-жайлары;
- 10) уақытша тіркеуді алу үшін АТП АЭА инфрақұрылымының объектілерін салуға келісім-шарттың көшірмесі.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

6. Тіркеу тәртібі

13. Тұрақты тіркеу:

- 1) Заңды тұлғаның өтінішінде берілген құжаттар толық және дұрыс ресімделген жағдайда АТП АЭА Дирекциясы;
- 2) заңды тұлға туралы мәліметтерді тіркелімге және электрондық дерекқорға енгізеді ;
- 3) АТП АЭА тұрақты қатысушы мәртебесін алуға куәлік (N 5-қосымша) береді. АТП АЭА қатысушысының куәлігі арнайы типографиялық тәсілмен дайындалған кемінде қорғаудың үш деңгейі бар қатаң есептілік бланкісі болып табылады.

14. Уақытша тіркеу:

- 1) АТП АЭА Дирекциясы:
өтініштегі берілген құжаттардың толықтығын және оларды ресімдеудің дұрыстығын тексереді ;
заңды тұлға туралы мәліметті тіркелімге және электрондық дерекқорға енгізеді ;

АТП АЭА аумағында қызметті жүзеге асыру үшін АТП АЭА қатысушысының уақытша мәртебесін алуға куәлік (N 6-қосымша) береді. АТП АЭА қатысушысының куәлігі арнайы типографиялық тәсілмен дайындалған кемінде қорғаудың үш деңгейі бар қатаң есептілік бланкісі болып табылады.

7. Дауларды қарау

15. Өтініш беруші тіркеуден бас тартумен келіспеген жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен Дирекцияның іс-әрекетіне шағымдануға құқылы.

16. Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен шешіледі.

"Ақпараттық технологиялар паркі"
арнайы экономикалық аймағының
қатысушылары ретінде заңды
тұлғаларды тіркеу ережесіне

N 1 қосымша

Ұйымның _____ бланкасында
200 ____ " ____ " ____
N _____

ҚР Индустрия және сауда министрлігі
"Ақпараттық технологиялар паркі"
Арнайы экономикалық аймағының
мемлекеттік мекемесі

(занды тұлғаның, кәсіпорынның атауы)

төмендегі шарттарда "Ақпараттық технологиялар паркі" АЭА-ға қатысушы ретінде тұрақты тіркеуге өтінімді қабылдауды сұраймыз;

Қызмет мәні

(бағдарламалық өнім немесе аппараттық өнім және т.б. өндірісі)

Ш ы ғ а р ы л а т ы н ө н і м а т а у ы :

Қ ы з м е т т е р т ү р і :

М е н ш і к т ү р і :

Қаржыландыру көзі: банк, акционерлік капитал және т.б.

М е н ш і к т і к а п и т а л :

Қаржыландырудың қосымша көздері: шетелдік инвестициялар,
о б л и г а ц и я л а р ж ә н е т . б .

Өндірісте жұмысбасты персоналдың болжанатын саны:

"Ақпараттық технологиялар паркі" АЭА қатысушы ретінде тіркеу бойынша құжаттар қоса беріліп отыр.

Басшы

"Ақпараттық технологиялар паркі"
арнайы экономикалық аймағының
қатысушылары ретінде заңды

тұлғаларды тіркеу ережесіне

№ 2 қосымша

Ұйымның

бланкасында

200 ____ " ____ " _____

№ _____

ҚР Индустрия және сауда министрлігі

"Ақпараттық технологиялар паркі"

Арнайы экономикалық аймағының

дирекциясы мемлекеттік мекемесі

(заңды тұлғаның, кәсіпорынның атауы)

төмендегі шарттарда "Ақпараттық технологиялар паркі" АЭА-ға қатысушы ретінде тұрақты тіркеуге өтінімді қабылдауды сұраймыз; Қызмет мәні _____

(АТП АЭА құру мақсаттарына сәйкес келетін инфрақұрылым объектілерін салу)

Негіз:

(келісім-шарт, келісім, қолдану мерзімін көрсету)

Қызметтер

түрі:

Меншік

түрі:

Қаржыландыру көзі: банк, акционерлік капитал және т.б.

Меншікті

капитал:

Қаржыландырудың қосымша көздері: шетелдік инвестициялар, облигациялар және т.б.

Өндірісте жұмысбасты персоналдың болжанатын саны:

"Ақпараттық технологиялар паркі" АЭА қатысушы ретінде тіркеу бойынша құжаттар қоса беріліп отыр.

Басшы

"Ақпараттық технологиялар паркі"

арнайы экономикалық аймағының

қатысушылары ретінде заңды

тұлғаларды тіркеу ережесіне

№ 3 қосымша

"Ақпараттық технологиялар паркі" АЭА-ға

ҚАТЫСУШЫНЫҢ САУАЛНАМАСЫ

Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. № 329 Бұйрығымен.

1. Жалпы мәліметтер

Ұйымның толық атауы			
Заңды мәртебесі және меншік түрі		Құрылған жылы	
Басқарушы орган			

2. Мекен-жайы

Өңір (ел, облыс, аудан)		Елді мекен	
Көше		Үй	
Индекс		e-mail	
Факс		Телекс	
		Тел.	

3. Банк реквизиттері

е/ш	
Валюталық шот	
БСК	
СТН, БСН (егер бар жағдайда)	
Басшы (Т.А.Ә.), телефон нөмірі, ұялы т., мекен-жайы	
Бас бухгалтер (Т.А.Ә.)	
Байланыстағы адам (Т.А.Ә.), телефоны, мекен-жайы	

4. Қызмет түрі

Сала		Кіші сала	
N	Өнім түрі	Қызметтер түрі	
Жылдық айналым		Жұмыс істейтіндердің нақты саны	

Басшы

"Ақпараттық технологиялар паркі"
арнайы экономикалық аймағының
қатысушылары ретінде заңды
тұлғаларды тіркеу ережесіне

N 4 қосымша

Заңды тұлғаның орналасқан жері туралы

АНЫҚТАМА

ҚР Индустрия және сауда министрлігінің "Ақпараттық технологиялар паркі" Арнайы экономикалық аймағының дирекциясы" мемлекеттік

м е к е м е с і

(тіркеген органның атауы, тіркеу нөмірі, тіркелген күні)
т і р к е г е н

заңды тұлғаның, кәсіпорынның атауы
орналасқан орнының (мекен-жайының) өзгергені туралы хабарлайды.
Заңды тұлғаның жаңа мекен-жайы

Т.А.Ә.

Директор

Қолы

"Ақпараттық технологиялар паркі"
арнайы экономикалық аймағының
қатысушылары ретінде заңды
тұлғаларды тіркеу ережесіне

N 5 қосымша

Үлгілік нысан

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
"Ақпараттық технологиялар паркі"
Арнайы экономикалық аймағының дирекциясы
мемлекеттік мекемесі

"Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық
аймағына қатысушы ретінде тұрақты тіркелгені туралы
К У Ә Л І К

(Тіркеу нөмірі)

Алматы қаласы

200__ " __ " __

Заңды

тұлғаның

атауы:

Заңды

тұлғаның

орналасқан

жері:

КУӘЛІК ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ
ШЕҢБЕРІНДЕ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА СӘЙКЕС "АҚПАРАТТЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ПАРКІ" АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҒЫНДА
ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ҚҰҚЫҚ БЕРЕДІ.

"Ақпараттық технологиялар паркі"
Арнайы экономикалық аймағының дирекциясы
мемлекеттік мекемесінің директоры Т. А. Ә.

Серия _____ N _____
"Ақпараттық технологиялар паркі"
арнайы экономикалық аймағының
қатысушылары ретінде заңды
тұлғаларды тіркеу ережесіне

N 6 қосымша

Үлгілік нысан

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
"Ақпараттық технологиялар паркі"
Арнайы экономикалық аймағының дирекциясы
мемлекеттік мекемесі

"Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық
аймағына қатысушы ретінде тұрақты тіркелгені туралы
КУӘЛІК

(Тіркеу нөмірі)

Алматы қаласы 200__ " __ " ____
Заңды тұлғаның атауы:

Заңды тұлғаның орналасқан жері:

КУӘЛІК ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ
ШЕҢБЕРІНДЕ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА СӘЙКЕС "АҚПАРАТТЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ПАРКІ" АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҒЫНДА
ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ҚҰҚЫҚ БЕРЕДІ.

"Ақпараттық технологиялар паркі"
Арнайы экономикалық аймағының дирекциясы
мемлекеттік мекемесінің директоры Т. А. Ә.
Серия N _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК